Әділет

**Балық шаруашылығы саласындағы маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 292 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген заңды тұлғалар 2004 жылы балық ресурстарын молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, сирек және құнды балық түрлерінің тектік қорын сақтау және табиғи мекендейтін жерлерінде санын көбейту үшін оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтер көрсетуді берушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын;

2) сатып алуға бөлінген ақша қаражатын оңтайлы әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 292 қаулысына қосымша

**2004 жылы балық ресурстарын молайту, балық ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, сирек және құнды балық түрлерінің тектік қорын сақтау және табиғи мекендейтін жерлерінде санын көбейту үшін оларды сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстар мен қызметтер көрсетуді берушілердің тізбесі**

```
________________________________________________________________________
Р/с |   Жұмыстар мен қызметтер     |  Жұмыстар мен       |Жұмыстар мен
N    |  көрсетуді берушінің атауы   |  қызметтер көрсету.|   қызметтер
    |                               |   ді берушінің     |  көрсетудің
```

| | | орналасқан жері | атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Орал-Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК | Атырау облысы Зарослый ауылы | Балық ресурстарын молайту |
| 2. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Атырау бекіре балық өсіру зауыты" РМҚК | Атырау облысы Еркінқала ауылы | Балық ресурстарын молайту |
| 3. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Майбалық балық питомнигі" РМҚК | Ақмола облысы Майбалық кенті | Балық ресурстарын молайту |
| 4. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Жоғарғы Тобыл балық питомнигі" РМҚК | Лисаковск қаласы | Балық ресурстарын молайту |
| 5. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Петропавл балық питомнигі" РМҚК | Петропавл қаласы | Балық ресурстарын молайту |
| 6. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қарағанды балық питомнигі" РМҚК | Қарағанды облысы Новая Солоничка станциясы | Балық ресурстарын молайту |
| 7. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Шардара балық питомнигі" РМҚК | Шардара қаласы | Балық ресурстарын молайту |
| 8. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қамыстыбас балық питомнигі" РМҚК | Қызылорда облысы Қосжар кенті | Балық ресурстарын молайту |
| 9. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қашыр балық питомнигі" РМҚК | Павлодар облысы Қашыр ауданы | Балық ресурстарын молайту |
| 10. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қазақ өндіріс. тік-жерсіндіру станциясы" РМҚК | Алматы қаласы | Балық ресурстарын молайту |
| 11. | ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Қапшағай | Алматы облысы Шалқар кенті | Балық ресурстарын |

уылдырық шашу - өсіру молайту шаруашылығы" РМҚК

12. ҚР АШМ Балық шаруашылығы комитетінің "Бұқтырма уылдырық шашу - өсіру шаруашылығы" РМҚК | Шығыс Қазақстан облысы Мальковое ауылы | Балық ресурстарын молайту

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК